

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІ ӘКІМШІЛІГІ
АДМИНИСТРАЦИЯ ПРЕЗИДЕНТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
EXECUTIVE OFFICE OF THE PRESIDENT OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ Л.Н.ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY

ТАРИХШЫЛАРДЫҢ ҰЛТТЫҚ КОНГРЕСІ
НАЦИОНАЛЬНЫЙ КОНГРЕСС ИСТОРИКОВ
NATIONAL CONGRESS OF THE HISTORIANS



**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖӘНЕ ЕУРАЗИЯ КЕҢІСТІГІ:
ҚАЗІРГІ ЗАМАН МЕН ДАМУ КЕЛЕШЕГІ» атты**
Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған
халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясының
МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
международной научно-практической конференции
**«РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН И ЕВРАЗИЙСКОЕ ПРОСТРАНСТВО:
СОВРЕМЕННОСТЬ И ПЕРСПЕКТИВЫ РАЗВИТИЯ»,**
посвященной 25-летию Независимости Республики Казахстан

WORKS
of the international scientific-practical conference
**«THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN AND THE EURASIAN SPACE:
THE PRESENT AND THE FUTURE DEVELOPMENT»**
dedicated to the 25th anniversary of Independence of the Republic of Kazakhstan

II бөлім • часть II • part II

АСТАНА
2016

ӘОЖ 94(574)(063)

КБЖ 63.3(5Қаз)

Қ18

Бас редактор: Сыдықов Е.Б. - Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры, т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі

Редакция алқасы:

Молдажанова А.А. – п.ғ.д., профессор, оқу ісі жөніндегі проректор

Қамзабекұлы Д. – ф.ғ.д., профессор, әлеуметтік-мәдени даму жөніндегі проректор

Айтмағамбетов Д.Р. – ректордың аппарат жетекшісі

Пауло Ботта – профессор, Аргентина

Жеребцов И.Л. – т.ғ.д., профессор, Ресей

Гюрер Гульсевин – т.ғ.д., профессор, Түркия

Садықов Т.С. – т.ғ.д., профессор, тарих факультеті деканы

Көмеков Б.Е. – т.ғ.д., профессор, ҚР ҰҒА академигі

Дүкенбаева З.О. – т.ғ.д., профессор, Еуразиялық зерттеулер кафедрасының меңгерушісі

Алпысбес М.А. – т.ғ.д., профессор

Бердагулова С.К. – т.ғ.к., доцент

Абдрахманова Г.С. – т.ғ.к., доцент

Сыздық С.Қ. – магистр, оқытушы

Редакция алқасының көзқарасы мақала авторларының пікірімен сәйкес келуі міндетті емес.

Мнение авторов публикаций не обязательно должно совпадать с мнением редакционной коллегии.

The opinion of the authors of publications do not necessarily coincide with the views of the editorial board.

Қ18 «Қазақстан Республикасы және Еуразия кеңістігі: қазіргі заман мен даму келешегі» атты Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның мақалалар жинағы, II б. 435 б. / Жалпы ред.бас. Е.Б. Сыдықов. – Астана: Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы.

Труды Международной научно-практической конференции «Республика Казахстан и евразийское пространство: современность и перспективы развития», посвященной 25-летию Независимости Республики Казахстан, часть II. 435 стр. / Под ред. Е.Б.Сыдыкова – Астана: Издательство ЕНУ им. Л.Н.Гумилева.

Works of the international scientific-practical conference «The Republic of Kazakhstan and the Eurasian space: the Present and the Future Development», dedicated to 25th anniversary of Independence of Kazakhstan, part II. 435 p. / edited by E.B. Sydykov – Astana: Publishing house of L.N. Gumilyov Eurasian National University.

ISBN 978-9365-31-794-1

Жинақта 2016 жылдың қазан айының 20 күні Астана қаласында Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткен Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары берілген. Мақалалар автордың редакциясымен жарияланды.

В сборнике представлены труды международной научно-практической конференции, посвященной 25-летию Независимости Республики Казахстан, прошедшей в ЕНУ имени Л.Н. Гумилева. Астана, 20 октября, 2016 г. Материалы публикуются в авторской редакции.

The collection contains the works of the international scientific-practical conference dedicated to 25th anniversary of Independence of the Republic of Kazakhstan, which was held at the L.N. Gumilyov ENU. Astana, October 20, 2016. Materials are published in author's version.

ISBN 978-9365-31-794-1

ӘОЖ 94(574)(063)

КБЖ 63.3(5Қаз)

МАЗМҰНЫ

СЕКЦИЯ – 1. ЕЖЕЛГІ ДӘУІРДЕН ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢГЕ ДЕЙІНГІ ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ ЖӘНЕ МӘДЕНИЕТІ / ИСТОРИЯ И КУЛЬТУРА КАЗАХСТАНА С ДРЕВНЕЙШИХ ВРЕМЕН ДО НАШИХ ДНЕЙ

Абдрахманова Г.С., Каратаев О.К. ОСОБЕННОСТИ РАЗВИТИЯ ВЕЛИКОГО ШЕЛКОВОГО ПУТИ НА ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСТАНА	3
Абдрахманова К.К. ТОРГОВЛЯ ПРОДОВОЛЬСТВЕННЫМИ ТОВАРАМИ В ГОРОДАХ ЦЕНТРАЛЬНОГО КАЗАХСТАНА В 1950-1970-е ГОДЫ	6
Абуев К.К. СИБИРСКОЕ ХАНСТВО В КОНТЕКСТЕ КАЗАХСКО-РУССКИХ ОТНОШЕНИЙ (историография проблемы)	9
Азмұханова А.М. ЖӘДИДТІК ОҚУ ЖҮЙЕСІНЕ КӨШУ ЖОЛЫНДАҒЫ ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ЕҢБЕГІ.	14
Азнина К.А. ҚОЙЛЫБАЙ БАҚСЫНЫҢ КҮЙ ӨНЕРІ МҰРАСЫ	19
Алибек С.Н., Косанбаев С.К. ОПИСАНИЕ ТРАДИЦИОННОГО УКЛАДА ЖИЗНИ И БЫТА КОЧЕВЫХ КАЗАХОВ ТУРКЕСТАНСКОГО КРАЯ (НА ПРИМЕРЕ Н.ЗЕЛАНДА, Н.КАЛМАКОВА, Г.И.СПАССКОГО И Б.ЮЗЕФОВИЧА)	21
Алпысбес М.А. ШЕРУШІ БАЙТАЙЛАҚ БАТЫР ТУРАЛЫ ТАРИХИ-ШЕЖІРЕЛІК ДЕРЕКТЕРДІҢ ТАҒЫЛЫМЫ	24
Альжанова Э.Е. КУЛЬТУРНО-ПРОСВЕТИТЕЛЬНОЕ ДЕЛО КАЗАХСТАНА В ПЕРВОЙ ПОЛОВИНЕ XX ВЕКА	30
Амрина М.С. ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДАЛАЛЫҚ ОБЛЫСТАРЫН ЗЕРТТЕГЕН Ф.А. ЩЕРБИНА ЭКСПЕДИЦИЯСЫНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛУ ТАРИХЫ	32
Анасова А.Б. МЕРЗІМДІ БАСПАСӨЗ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША XIX ҒАСЫРДЫҢ АЯҒЫ МЕН XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ТОРҒАЙ ОБЛЫСЫНЫҢ МӘДЕНИ-РУХАНИ ДАМУЫ	41
Арапов Ж.М. ҚАЗАҚ ЭТНОСАЯСИ БІРЛЕСТІГІНІҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ НАЙМАН ТАЙПАСЫНЫҢ ОРНЫ	43
Ахметшина Г.У. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ КИІМІНДЕГІ ОЮ-ӨРНЕК	47
Базылхан Н. ТЮРКО-МОНГОЛЬСКИЕ ЭТНОКУЛЬТУРНЫЕ ФАКТОРЫ (VII–XIV ВВ.) (этносемантические проблемы погребально-поминальных комплексов)	51
Балгабаева Г.З. РАЗВИТИЕ ВОЕННОГО ДЕЛА НА ТЕРРИТОРИИ КАЗАХСТАНА В ПЕРИОД ЗАРОЖДЕНИЯ КОЧЕВНИЧЕСТВА	57
Балыкова А.М. БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ӨңІРІНДЕГІ МЕДИЦИНАЛЫҚ МЕКЕМЕЛЕРДІҢ ДАМУ ТАРИХЫНАН (XX ҒАСЫРДЫҢ I ЖАРТЫСЫ)	60
Баширова А.М. МЕЧЕТИ И МЕДРЕСЕ В ВОСТОЧНОМ КАЗАХСТАНЕ	62
Баязитова Р.Р., Дукенбаева З.О. ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ТАРИХИ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КҮРЕС МӘСЕЛЕЛЕРІ	63
Бекмагамбетова М.Ж., Бекмагамбетов Р.К. ОСВЕЩЕНИЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ НАЧАЛА XX ВЕКА В АКАДЕМИЧЕСКИХ ИЗДАНИЯХ: ПАРАЛЛЕЛЬНАЯ ДЕМОСТРАЦИЯ	68

Беспалинов А.Т. К ИСТОРИИ ПРОИСХОЖДЕНИЯ И РАЗВИТИЯ ИССЫКСКОГО ХОЛОДНОГО ОРУЖИЯ АКИНАК В СРАВНЕНИИ С ОСТАЛЬНЫМИ НАХОДКАМИ	71
Біләлова Г.Д. ТАСМОЛА АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ МӘДЕНИЕТІНІҢ АҢ СТИЛІ	77
Брынза Т.В. ХАРАКТЕРИСТИКА ВЕДУЩИХ ТИПОВ МАТЕРИАЛЬНОЙ КУЛЬТУРЫ ЭПОХИ СРЕДНЕЙ БРОНЗЫ УРАЛО-КАЗАХСТАНСКИХ СТЕПЕЙ	80
Бурлуцкая (Банникова) Е.В. ОРЕНБУРГСКИЕ КУПЦЫ ДЕЕВЫ В РУССКО-АЗИАТСКИХ КОНТАКТАХ XIX ВЕКА	83
Дауконова Р.Т., Рамазанова Ф.С. НАУЧНОЕ ОПИСАНИЕ КРАЯ В МАТЕРИАЛАХ ДЕЯТЕЛЕЙ СЕМИПАЛАТИНСКОГО ПОДОТДЕЛА ЗАПАДНО-СИБИРСКОГО ОТДЕЛА РУССКОГО ГЕОГРАФИЧЕСКОГО ОБЩЕСТВА	86
Джуманиязова Н. Х. ПОВСЕДНЕВНАЯ ЖИЗНЬ КАЗАХСКОГО НАСЕЛЕНИЯ В КОНЦЕ XVIII-НАЧАЛЕ XX ВВ. (НА МАТЕРИАЛАХ ОРЕНБУРГСКОЙ ГУБЕРНИИ)	89
Дүкенбаева З.О., Қоскеева Ә.М. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҰЛТ-ТІЛ МӘСЕЛЕСІНІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҚЫРЛАРЫ	93
Dukenbayeva Z.O., Shabambayeva A.G. ABOUT THE RESEARCH OF AKZHAN MASHANOV IN THE ANCIENT HISTORY OF KAZAKHSTAN	96
Елтай А. ҚАЗАҚ ЖҮЗДЕРІНІҢ ПАЙДА БОЛУ МӘСЕЛЕСІ	98
Ерболова А.Е. ИСТОРИЯ ИЗУЧЕНИЯ ТРУДОВ ИБН-ФАДЛАНА В ОТЕЧЕСТВЕННОЙ И ЗАРУБЕЖНОЙ ЛИТЕРАТУРЕ	100
Ерменбаева Г.К. ВКЛАД ТУРГАЙСКОГО СТАТИСТИЧЕСКОГО КОМИТЕТА В ИЗУЧЕНИЕ ФОЛЬКЛОРА	104
Есимова Ж.К. МИГРАЦИОННЫЕ ПРОЦЕССЫ В ПЕРИОД ОСВОЕНИЯ ЦЕЛИННЫХ И ЗАЛЕЖНЫХ ЗЕМЕЛЬ	107
Вопора G. L., Habdulina M.K. INSCRIBED VESSELS AND SILVER ARTEFACTS FROM SOUTHERN KAZAKHSTAN IN THE SECOND HALF OF THE 1 ST MILLENNIUM BC	111
Жанақова Н.Т. ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫНЫҢ ТАРИХИ МАҢЫЗЫ	118
Жанғалиев У.К. ҚЫПШАҚТАР ХАНДЫҒЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК ЖАҒДАЙЫ	121
Жаркенова А.М. КЕҢЕСТІК ОДАҚ ДӘУІРІНІҢ 50-80-ЖЖ. СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАННЫҢ НЕГІЗГІ ЭТНИКАЛЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ЕРЕКШЕЛІГІ	124
Жаркенова А.М., Жардемова А.А. САРАЙШЫҚ - ЕЖЕЛГІ ҚАЛАНЫҢ ҰЛЫЛЫҒЫ	129
Жауымбаев С.У. ҚАРҚАРАЛЫ ӨңІРІН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ТҮРҒЫДАН ЗЕРТТЕУ	131
Жумабаева Ж.К. ПРОБЛЕМАТИКА КАЗАХСТАНСКОЙ ИСТОРИОГРАФИИ СОВЕТСКОГО ПЕРИОДА(1920-1990)	135
Жұмабаева Ж.К. «САРАЙШЫҚТЫҢ КРЕМЛІ» МӘСЕЛЕСІ: АҢЫЗ БЕН АҚИҚАТ	138
Ибадуллаева З.Ө. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҚҰРАМЫНДАҒЫ СУНАҚТАР	142

Исенов Ө.И. «МӘДЕНИ МҰРА» БАҒДАРЛАМАСЫ АЯСЫНДА ЖАРИЯЛАНҒАН ТАРИХИ ЕҢБЕКТЕР ХАҚЫНДА	144
Искакова К.Ы., Оразаев С. Б. «ОТАНДЫ ҚОРҒАУДА» ГАЗЕТІ – ЛЕНИНГРАД МАЙДАНЫ ЖАУЫНГЕРЛЕРІ ӨМІРІНІҢ АЙНАСЫ	147
Исмаилов С.С., Бисембаева А.К. СТАНОВЛЕНИЯ И ЖИЗНЕННЫЕ ОРИЕНТИРЫ Ч.ВАЛИХАНОВА	149
Кабульдинов З.Е. «РАЗНОЕ ПРОИСХОЖДЕНИЕ» ИЛИ ИСТОРИЯ ФОРМИРОВАНИЯ НАСЕЛЕНИЯ ПОЛИЭТНИЧЕСКОГО КАЗАХСТАНА (к вопросу о реализации «Доктрины национального единства Казахстана»)	152
Кабылбекова Б.Т. НАУЧНАЯ И ТВОРЧЕСКАЯ ИНТЕЛЛИГЕНЦИЯ КАРЛАГА: ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ АСПЕКТ	157
Кабылтаева С.К. РОЛЬ КАЗАХСКИХ ХАНОВ И БАТЫРОВ В ОХРАНЕНИИ ЦЕЛОСТНОСТИ КАЗАХСКОЙ ГОСУДАРСТВЕННОСТИ В БОРЬБЕ ПРОТИВ «ДЖУНГАРСКОЙ АГРЕССИИ»	159
Каиржанов А.К. ТАМГОВАЯ ТЕОРИЯ ПРОИСХОЖДЕНИЯ ДРЕВНЕТЮРКСКОГО РУНИЧЕСКОГО АЛФАВИТА	162
Калыш А.Б. К ВОПРОСУ ОБ ЭТНИЧЕСКОЙ СТРУКТУРЕ РАЗВОДОВ В АКТЮБИНСКОЙ ОБЛАСТИ	167
Карибекова М.Е. ҰЛТТЫҚ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖОЛЫНДАҒЫ ЗИЯЛЫЛАР ҚЫЗМЕТІ	169
Касенов Е.Б. К ПРОБЛЕМЕ ФОРМИРОВАНИЯ ИСТОРИЧЕСКОГО СОЗНАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ	173
Козаченко Е.А. ЖИЛИЩНО-БЫТОВАЯ ПОВСЕДНЕВНОСТЬ ЛЮДЕЙ В 70-х ГОДАХ XX ВЕКА НА ПРИМЕРЕ УСТЬ-КАМЕНОГОРСКА	176
Крыкбаева С.М. ӨНЕРДЕГІ РӘМІЗ ҰҒЫМЫНЫҢ МӘДЕНИ МАЗМҰНЫ	178
Кусаинова Ж.Д. ДВИЖЕНИЕ КЕНЕСАРЫ КАСЫМОВА: ИСТОРИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ИССЛЕДОВАНИЯ	181
Кушкумбаев А.К. ИСТОРИЧЕСКАЯ СЕМАНТИКА ТЕРМИНА «ЗОЛОТАЯ ОРДА»	184
Қабықаев Е.Ж. КЕҢЕСТІК КЕЗЕНДЕГІ ЗАЙСАН АУДАНЫНЫҢ МӘДЕНИЕТІ	188
Қашқымбаев А. ЕГЕМЕНДІК ПЕН ТӘУЕЛСІЗДІК ТАРИХЫНДАҒЫ ЕЛЕУЛІ КЕЗЕҢ	191
Қуандық Е. ИНДУСТРИЯЛАНДЫРУДЫҢ ЗАРДАПТАРЫ	193
Мағзумова А.С. ЖАЙЫҚ ҚАЛАШЫҒЫ ТЫҢ ДЕРЕКТЕРДЕ	201
Мажитов С.Ф. ФЕНОМЕН «ЭПОХИ ПЕРЕМЕН» И НАЧАЛО СОВРЕМЕННОЙ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА (1985-1999 гг.)	204
Макашева А.С. ФОРМИРОВАНИЕ АДМИНИСТРАТИВНО-ТЕРРИТОРИАЛЬНОГО УСТРОЙСТВА АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ: ЭКСКУРС В ИСТОРИЮ	207
Малыбаева Б.С. ПЕРЕСЕЛЕНЧЕСКАЯ ПОЛИТИКА СОВЕТСКОГО ГОСУДАРСТВА В ЦЕНТРАЛЬНОМ КАЗАХСТАНЕ В 1920-30-ЫЕ ГОДЫ	210
Маутканова А.Т. ЭТНИЧЕСКИЙ СОСТАВ ВОСТОЧНО-КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ В 1999 – 2016 гг.	213

Молдабай Талғат КӨНЕ ТҮРІК ЖАЗУЫ ТАҢБАЛАРЫНЫҢ СЕМАНТИКАСЫ ЖӘНЕ АВТОХТОНДЫҚ НЕГІЗДЕРІ	215
Мурат Уали ТРИ КЛАНА, ТРИ ЧАСТИ, ТРИ ЖУЗА	219
Мусабекова Р.М. О РЕПРЕССИРОВАННОМ ПИСАТЕЛЕ КАЗАХСТАНА (о писателе Ю. Домбровском)	221
Мусабекова У.А., Абилкасым М. ЭТНОКУЛЬТУРА ТЮРКСКИХ НАРОДОВ (НА МАТЕРИАЛЕ ТЮРКСКИХ ПАМЯТНИКОВ)	225
Мұхатова О.Х. ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ТАРИХИ ОЙДЫҢ ДАМУЫ ЖӘНЕ МАХМҮД ҚАШКАРИ	227
Нуржанов А.А. КЕРАМИЧЕСКИЕ КОМПЛЕКСЫ ГОРОДИЩА КУЛАН	230
Оросхан Б. ТОРЕВТИКА ЖӘНЕ КӨШПЕЛІЛЕР ӨНЕРІ	235
Өтениязов С. ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ ТАРИХЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ	237
Pedraski M, Умиткалиев У.У., Айтбаев А.Б., Адельчанов К.С. ПОЛЬСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ ЦЕНТРАЛЬНОЙ АЗИИ В ОБЛАСТИ АРХЕОЛОГИИ И ЭТНОЛОГИИ	242
Петрич Л.В. МЕТОДЫ РАБОТЫ ПО ЛИКВИДАЦИИ НЕГРАМОТНОСТИ НЕРУССКИХ НАРОДОВ ОРЕНБУРЖЬЯ В 1920-1930-Е ГОДЫ	244
Рамазанова Ф.С., Балапанова Э.М. ФОРМИРОВАНИЕ МЕХАНИЗМА РУКОВОДСТВА МОДЕРНИЗАЦИЕЙ КУЛЬТУРНОЙ СФЕРЫ КАЗАХСТАНА (20-30 ГГ. XX В.)	247
Рахимбекова А.К., Ботаева З.Ф. ВКЛАД П.И. РЫЧКОВА В ИЗУЧЕНИЕ КАЗАХСТАНА: НЕКОТОРЫЕ АСПЕКТЫ	250
Рахимбекова А.К., Садвакасова С.У. ИЗ ГЛУБИНЫ ВЕКОВ: ИСТОРИЯ И ЗНАЧЕНИЕ НАГРАД	252
Сабитов Ж.М. ДЖАМИ АТ-ТАВАРИХ КАДЫРГАЛИ ЖАЛАИРИ КАК ИСТОЧНИК О ЖИЗНИ УРУС-ХАНА	255
Садвокасова З.Т., Султанова А. ПУБЛИКАЦИИ ПО ПРОБЛЕМЕ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ ПАРТИЙНО-СОВЕТСКОЙ НОМЕНКЛАТУРЫ	258
Садыков Т.С., Жакиянова А.Н. ҚАЗАҚТЫҢ АУЫЗША ТАРИХЫНЫҢ ҰЛТ ТАРИХЫН ЗЕРДЕЛЕУДЕГІ РӨЛІ	261
Сайлаубаева Н.Е. ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ӘСКЕРИ ӨНЕРІ	263
Сейтказина Қ.О., Тұрсынбек Ж.Қ. ҰЛЫ АҒАРТУШЫ ШОҚАН УӘЛИХАНОВ ӨМІРІНІҢ БЕЛЕСТЕРІ	266
Сейткалиев М.К., Буранбаев Р.Н. ИССЛЕДОВАНИЕ СВЯТИЛИЩ ПОЛУОСТРОВА ТУПКАРАГАН В 2015 ГОДУ	268
Сембаева Ә. ЕЖЕЛГІ ДӘУІРДЕГІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ МӘДЕНИЕТІ	270
Сураганова З.К. НЕМАТЕРИАЛЬНОЕ КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ КАЗАХСКОГО НАСЕЛЕНИЯ ЗАРУБЕЖНОГО АЛТАЯ В СОВРЕМЕННЫХ УСЛОВИЯХ	272
Сыздыкова А.М. ОРГАНИЗАЦИЯ ГОРНОГО ДЕЛА В ПРОШЛОМ И УСТОЙЧИВОЕ РАЗВИТИЕ	276

Сыздық С.Қ. ЖАҢА ДЕРЕКТЕРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ ӘДІСТЕРІ	278
Танатарова Ж.Т., Кенжебаева С.Е. ИДЕЙНАЯ КОНСОЛИДАЦИЯ МУСУЛЬМАН В ДО-РЕВОЛЮЦИОННЫЙ ПЕРИОД	281
Тастекова Г.Б. 1920-шы ЖЫЛДАРЫ ҚАЗАҚ ЖЕРІ ШЕКАРАСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫ МЕН АНЫҚТАЛУЫ МӘСЕЛЕСІНІҢ ТАРИХНАМАСЫ	287
Ташагыл А., Акмадиева Г.П. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ДИПЛОМАТИЯСЫНЫҢ ТАРИХЫ	290
Тлеугабұлов Д.Т., Свиридов А.Н. ТОПОГРАФИЯ ПОСЕЛЕНИЙ РАННЕГО ЖЕЛЕЗНОГО ВЕКА САРЫАРКИ	293
Төлеубаев Ә.Т., Жұматаев Р.С., Шагирбаев М.С. ШІЛІКТІ ҚОРЫМЫНДА 2016 Ж. ЖҮРГІЗІЛГЕН АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЖҰМЫСТАРДЫҢ НӘТИЖЕЛЕРІ (бастапқы хабарлама)	297
Төлеубаев Ә.Т., Жұматаев Р.С., Шагирбаев М.С. АЛАКӨЛ АЙМАҒЫНДАҒЫ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛА МӘДЕНИЕТІ	304
Тұлбасиева С.К. XIX-XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ АЗАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАР ЖАЙЫНДАҒЫ ОЙ-ПІКІРЛЕРДІҢ ДАМУЫ	308
Түлекова М.К. ЕГЕМЕНДІК ЖЫЛДАРДАҒЫ КӨШІ-ҚОН	312
Туменова Л.Е. XIX Ғ. ҒАЛЫМДАР, САЯХАТШЫЛАР, ЭТНОГРАФТАРДЫҢ БӨКЕЙ ХАНДЫҒЫ ТАРИХЫНЫНА ҚАТЫСТЫ ЗЕРТТЕУЛЕРІ	315
Зәкенұлы Т. ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТТІЛІГІНІҢ АРҒЫ БАСТАУЛАРЫ	319
Үмітқалиев Ұ.Ұ. Ә.М. ОРАЗБАЕВТЫҢ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖҮРГІЗГЕН ЗЕРТТЕУЛЕРІ	327
Хабдулина М.К. НОВЫЕ ПОДХОДЫ В ИЗУЧЕНИИ ПРОБЛЕМ РАННЕСРЕДНЕ-ВЕКОВОЙ АРХЕОЛОГИИ САРЫ-АРКИ	332
Шаймердинова Н.Г., Төребекова С.М. КӨНЕ ЖӘНЕ ОРТА ҒАСЫР ЕСКЕРТКІШТЕРІНДЕГІ КӨСЕМШЕ ФОРМАЛАРЫНЫҢ ДАМУЫ	335
Шаймуханова С.Д., Баймағамбетова Ж.М. ПРОБЛЕМА ОТНОШЕНИЯ КАЗАХСКОЙ ИНТЕЛЛИГЕНЦИИ К ВОССТАНИЮ 1916 ГОДА В СОВРЕМЕННОЙ ИСТОРИОГРАФИИ	338
Шахаман З.Б. ЭТНОДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ ПРОЦЕССЫ В КОСТАНАЙСКОЙ ОБЛАСТИ (1999-2016 ГГ.): КРАТКИЙ ОБЗОР	340
Шойбекова А.С. РАҚЫМЖАН ҚОШҚАРБАЕВТЫҢ ЕРЛІГІ ТУРАЛЫ 1945-1960 ЖЫЛДАРДАҒЫ ПАЙЫМДАУЛАР	344
Шыныбеков Б.Ш. ДӘСТҮРЛІ ҚОҒАМДАҒЫ ТҮРМЫС-ТІРШІЛІКТЕГІ ҚАЗАҚ ҚЫЗДАРЫ МЕН ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ОРНЫ	346
Ыбырайхан М.Ы. СІБІРЛІК КӨПЕС С.А. ПОПОВТЫҢ ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КЕН ЗАУЫТ ІСІ	350
СЕКЦИЯ – 2. ҰЛЫ ДАЛА ЕЛІ ЖӘНЕ Л.Н. ГУМИЛЕВТІҢ ЕУРАЗИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСТАРЫ / СТРАНА ВЕЛИКОЙ СТЕПИ И ЕВРАЗИЙСКИЕ ВЗГЛЯДЫ Л.Н. ГУМИЛЕВА	
Айтмағамбетов Д.Р. ҰЛЫ ДАЛА ЖӘНЕ Л.Н. ГУМИЛЕВТІҢ ЕУРАЗИЯЛЫҚ КӨЗҚАРАСЫ	354
Арапов Ж.М. ГУМИЛЕВТІҢ КӨШПЕЛІ ЖӘНЕ ТҮРКІ ХАЛЫҚТАР ТАРИХЫНА ЗЕРТТЕЛУ КӨЗҚАРАСЫ	356

Әлібек С.Н. Ә.Н.БӨКЕЙХАНОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ТҮРМЫСЫ МЕН МӘДЕНИЕТІН СІПАТТАУ	358
Байбулсинова А.С. ҰЛТ ЖОСПАРЫ – ҚАЗАҚСТАНДЫҚ АРМАНҒА БАСТАЙТЫН ЖОЛ	360
Байбулсинова А.С., Серикова Л.С. ҰЛЫ ДАЛА ТАРИХЫ: ЗАМАНАУИ ТАНЫМ	362
Бикенов А.Х. Л.Н.ГУМИЛЕВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ КӨНЕ ТҮРІК ҚОҒАМЫНА ТӘН БІЛІК ИНСТИТУТТАРЫ	367
Болатұлы Нұржан «ҚАЗАҚ ЕЛІ САЯСАТЫ – ТЫНЫШТЫҚ ҒАМ ТҮРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ: ТАРИХИ-ФИЛОСОФИЯЛЫҚ АСПЕКТІЛЕРІ»	370
Булкбаев С.Б., Алямова З.А. К ВОПРОСУ ВКЛАДЕ НОМАДОВ В МИРОВУЮ ЦИВИЛИЗАЦИЮ	373
Жақия М.Қ. КАРЛАГ - ҚАЗАҚТЫҢ ҚАСІРЕТІ ...	376
Искакова К.Ы., Елтай Ақтан Л.Н. ГУМИЛЕВТІҢ ПАССИОНАРЛЫҚ ИДЕЯСЫ МЕН ЭТНОГЕНЕЗ ТЕОРИЯСЫ ЭТНИКАЛЫҚ ТАРИХТЫ ЗЕРТТЕУДІҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ	379
Кабылтаева С.К., Комарова Дамира ЕВРАЗИЙСКИЕ ИДЕИ ЛЬВА НИКОЛАЕВИЧА ГУМИЛЕВА И СОВРЕМЕННОСТЬ	382
Кала Н.С. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ТУРИЗМ САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫНЫҢ ДАМУ ТЕНДЕНЦИЯЛАРЫ	384
Кенжебай Р.Н. Сейдахметова Г.Т. ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН АЙМАҒЫНДА ТУРИЗМ САЛАСЫН ДАМУДЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕРІ	386
Любичанковский А.В. ЭТНОЛОГИЧЕСКАЯ ДЕТЕРМИНАНТА ВОЗДЕЙСТВИЯ НА ВМЕЩАЮЩИЙ ЛАНДШАФТ В КОНТЕКСТЕ КОНЦЕПЦИИ ЭТНОГЕНЕЗА Л.Н. ГУМИЛЕВА	390
Номогоева В., Раднаева Э.Л. СТАНОВЛЕНИЕ БУРЯТСКОЙ НАУКИ В КОНТЕКСТЕ ЕВРАЗИЙСКОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ	392
Оловинцов А.Г. «ИГО» ИЛИ ТОЛЕРАНТНОСТЬ НА ПРИМЕРЕ СУЩНОСТИ КАСИМОВСКОГО ХАНСТВА В XV-XVII ВЕКАХ	396
Өмірбекова Ж. КӨШПЕЛІЛЕРДІҢ ЭТНОЭКОЛОГИЯЛЫҚ ДӘСТҮРЛЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ДЕҢГЕЙІ	400
Пилипчук Я.В. ВНЕШНЯЯ ПОЛИТИКА КАРЛУКСКОГО ДЖАБУЯТА	404
Radnaeva E., Talgatbek M., Dukenbaeva Z. AKZHAN AL - MASHANI IS A RESEACHER OF THE GREAT STEPPE CIVILIZATION	407
Рахимбекова А.К. ЭТИКА ДИАЛОГА МЕЖДУ НАРОДАМИ: НА ПРИМЕРЕ «ЛЕСА» И «СТЕПИ»	410
Сакенов Д.Ж. ЭТНОКУЛЬТУРНАЯ МОДЕЛЬ ГЕНДЕРНОГО ВОСПИТАНИЯ КАЗАХОВ	413
Серикова Л.С. ИСТОРИЯ СТАНОВЛЕНИЯ ГОСУДАРСТВЕННОГО СУВЕРЕНИТЕТА РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН	417
Сыздықов С.М., Смағұлов Н.Б. КҮЛТЕГІН ЖАЗБАСЫНДАҒЫ ЕЖЕЛГІ ТҮРІКТЕРДІҢ «МӘҢГІ ЕЛ» САЯСИ МАНИФЕСТІ	419
Шалдарбекова А. К ВОПРОСУ О ГЕОГРАФИЧЕСКИХ И ХРОНОЛОГИЧЕСКИХ РАМКАХ ДРЕВНЕТЮРКСКОЙ ЦИВИЛИЗАЦИИ	426

Несмотря на это татарские и башкирские муллы помогали казахам в строительстве медресе и мечетей. Пропаганда Ислама в степи, издание религиозной литературы – все это делалось за спиной царской администрации.

Первая исламская мечеть в Петропавловске была построена в конце 70-х гг. XVIII века. Ее в основном посещали мусульмане, которые приходили на ярмарку. В течении последующих 20-30 лет количество мечетей постепенно росло [1, 197 с].

В г. Семипалатинск находилось 6 мечетей. За 10 лет независимости Казахстана в Семипалатинском регионе было открыто 40 мечетей. До революции, в Семипалатинске действовали 14 мечетей. В советское время из их числа осталось только четыре. Две мечети были построены уже после обретения Казахстаном суверенитета. В рассматриваемое время строилась еще одна мечеть в микрорайоне «Затон».

Центральная Семипалатинская двухминаретная мечеть им. Энэт-Баба в г. Семипалатинск, по некоторым данным, была открыта в 1858 г. Стройка началась при поддержке купцов Сулейменова, Рафикова, Абдешова и Халитова. Стройка была завершена в 1862 году. Авторами проекта являются инженер-подпоручик А.Манашев и архитектор А.Болбатов. В центральном государственном историческом архиве Санкт-Петербурга находятся письма с просьбой о строительстве мечети в городе. «Это придавал бы красивый облик городу и был бы духовным центром»- пишется в архивах.[4]Обычно большинство верующих, примерно, 300-500 человек, приходили в мечеть по пятницам, на жума-намаз. В такие дни зал полностью был заполнен верующими. На Курбан-айт и Ораза-айт в мечети собирались около 3 тыс. человек. Подавляющее большинство прихожан: - 80% - это молодежь: студенты, рабочие, служащие 20-30 лет. Среди них были учащиеся медресе. Это они приходили в мечеть и в обычные, и в выходные дни [3, 70 с].

Как свидетельствуют приведенные материалы, религиозная жизнь в Восточном Казахстане медленно, но верно развивалась. Открывались мечети, медресе. При мечетях действовали исламские курсы для всех желающих познакомиться с основами исламского вероучения. Они преподавали в медресе и вели курсы в соответствии с условиями международного контракта, предусматривавшего их деятельность на территории Казахстана в течение четырех лет. Верующие из среды молодежи проявляли заметную религиозную активность, по сравнению с представителями других возрастных групп населения.

Список литературы:

1. Шейх Абсаттар хаджи Дербисали. Ислам-религия мира и созидания. – Алматы.
2. Мустафина Р.М. Ислам и реликты доисламских мировоззренческих традиций у казахов. обряды у казахов (в контексте бытового ислама в Южном Казахстане в конце XIX - XX вв.). - Алма-Ата: Казак университеті, 1992. - 176 с.- Астана, 2010. - 260 с.
3. Ермаков И.А. Ислам в культуре России в очерках и образах. - М., 2001. - 512 с.
4. <http://old.muftyat.kz/kz/map/mosque?act=view&id=682>

Баязитова Р.Р., Дукенбаева З.О.

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ЖӘНЕ ТАРИХИ ЗЕРТТЕУЛЕРДЕГІ ҰЛТ-АЗАТТЫҚ КҮРЕС МӘСЕЛЕЛЕРІ

Тәуелсіздігіміздің 25 жылы ішінде ұлттық тарих ғылымы жаңа ізденістер негізінде тапқанымыз бен жоғалтқанымызды ақиқат биігінен саралауда, сүбелі еңбектерімен танылуда. Қазақ елі тарихында қуанышты сәттермен қатар, қайғылы да қаралы беттері аз болмаған. Солардың ішінде, әсіресе халқымыздың жадында үш ауыр кезеңінің ерекше сақталып қалғаны анық. Олар: қылышынан қан тамған қаһарлы Шыңғысханның шапқыншылығы мен бабаларымызды «ақтабан шұбырынды» еткен Жоңғар ойраны және 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс. Ел зердесінде осы зұлматтар «Ойран заман», «Зар заман», «Қилы заман» деген атпен сақталып, бастан кешкен халық трагедиясын жылнамашыларымыз ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп келеді. Қазақ халқының көп ғасырлық тарихына терең бойлап, көз жүгіртетін

болсақ еліміздің тағдырына қауіп төнген кезеңдерге толы. Осындай халқымыздың жан-жағынан жау анталаған, саяси шиеленістерге толы күрделі кезеңдерінің бірі ХVIII ғасыр.

Батысы мен Шығысынан Ресей мен Қытай сияқты екі алпауыт империялармен іргелес жатқан көшпелі қалмақ пен қазақ халықтары тар жолда кездескен екі жау аңдай бір-бірімен айқасуға мәжбүр болды. Қытай империясының қысымына ұшыраған жоңғар қонтайшылары мемлекет ретінде сақталып қалу амалын қазақтың кең байтақ даласына қоныстануды көздеді. Жоңғарлардың ХVII ғасырдан қазақ жеріне басталған әскери жорықтары ХVIII ғасырдың алғашқы ширегінде тіптен күшейіп, жаугершілік белсенділіктері артты. Жоңғарлар мен қазақтар арасындағы болған кескілескен ең ауыр шайқастар да осы ХVIII ғасырдың алғашқы ширегінің үлесінде. Тарихи «Елім-ай» атты зарлы өлеңнің пайда болуына да себеп болған, қазақ халқының алдына ел болып сақталып қалу мәселесін қойған қайғылы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» зар-заман оқиғасы да осы уақыттың еншісінде. Ел үстіне қара бұлт үйірілген уақытта азаттық жолда өздерінің жұдырықтай жүрегін шүберекке түйіп, күш-жігерлерін аямаған қазақтың кеменгер билеушілерінің, айбынды батырларының, дана билерінің орны ерекше. Тарих сахнасының төрінен орын алған ел қорғаны дана да дара батырларымыз: Абылай, Төле, Қазыбек, Қабанбай, Жәнібек, Бұқар, Баян, Сары, Малайсары, Олжабай сынды тарихи тұлғалардың есімдерін халық жадында сақтап, асқан құрметпен еске алады. Бұл кезеңді Шоқан Уәлиханов қазақ тарихындағы батырлық ғасыры (эпоха рыцарства) деп атаған еді.

Ұлт тарихын ұлықтауға «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы қоғамтанушы ғалымдармен соның ішінде тарихшы ғалымдардың ғылыми шығармашылық ізденістеріне кең серпіліс бергені тарихи айғақ. Тарих адамның жаратылысумен басталады, ал адам табиғаттың, қоршаған ортаның құрамдас, ажырамас бөлшегі. Табиғат ана халықтың мінез-құлқын қалыптастырады. Өйткені тарихты жасаушы халық. Төл тарихымыздың әйгілі тұлғаларын зерделеу ертеден қалыптасқан үрдіс. Осы бір үрдістің бойына терең бойлап, тебірене толғансақ, халқымыздың бастан кешкен телегей – теңіз тарихын көз алдыңнан тізбектеп өткізесің. Әрбір тізбектің өзіндік бір тарихы, күресі бар. Сол күрестің тәуелсіздік тұғыры – ұлттық сананы оятып, халықтану жолына үңілдірді. Тәуелсіздік үшін сан ұрпақ атқа мінді, айбалта ұстады, «аттан қазақ» деп жар салды, атқа мінді. Ол ғасырларға созылған ата-баба қанды жорығының дабылды – дауылды күресінің заңды жалғасы. Жатса түсінен, тұрса есінен бір сәт кетпеген бабалардың ғасырлық арманы болды. Кеңес одағы кезеңінде ұлттық тарих мәселелерін зерттеуге шектеу қойылу себебінен, қазақ тарихының көптеген тұстары, шындық сыры ашылмаған күйінде қалып немесе бұрмаланып беріліп, саяси тұлғаларға, батырларға, жалпы қоғамның игі жақсыларына арналған зерттеулер қатаң цензурадан өткізіліп, іріктеліп отырды. Осындай идеологияға байланысты Абылай, Кенесары, Арынғазы, Қаратай сынды қазақ халқына ерекше еңбек сіңірген ерлер феодалдық қанаушы, керітартпа таптың өкілдері деп ұрпақ санасына сіңдірілді. Ал, осы тақырыпқа қалам тартқан зерттеушілер «шаруалар» мен «пролетариат» қоғамының қас жаулары қатарына жатқызылып, қуғынға ұшырады. Осы себептен де болар Ұлы Отан соғысы кезінде батырлық жырларды зерттеуді қолға алған Ә.Х. Марғұлан бұл істен бас тартып, амалсыздан саясаттан алшақтау тұрған археологияға кетуге мәжбүр болды. Кенесарыны ХІХ ғасырдағы ең ірі қазақ халқының ұлт-азаттық қозғалысының басшысы ретінде сипаттап, нақты тарихи деректер негізінде дәлелдеген

Е.Б. Бекмахановтың қайғылы тағдыры баршамызға мәлім. Осылай тарихшылардың қолы жіпсіз байланған уақытта, қазақ ұлттық тарихын зерттеуде филология саласының өкілдері үлкен үлес қосты. Әдеби-көркем шығармалары арқылы М.Жұмабаев, М.Әуезов, І.Есенберлин, Б.Жандарбеков, М.Мағауин сияқты әдебиетші-жазушылар ұлттық тарихта пайда болған вакуумді біраз толықтырды. Қазақ тарихының ұлттық мәселелерін алаңсыз зерттеу, соның ішінде айтылмай немесе бұрмаланып келген тарихи оқиғаларды объективті түрде қайта қарастыру мүмкіндігі, тек 90-шы жылдардан, Қазақстанның тәуелсіздік жолына бет бұрған уақытынан кейін туындады. Көмекей әулие Бұқар жырау «Қазақтың қамал қорғанымен» теңеген Бөгенбай батыр бүкіл қазақ халқы мақтаныш ететін ұлттық дәрежедегі тұлға. Кезінде, академик Манаш Қозыбаев: «Біздің тарихқа үңілуіміз, ықыласымыз ауылдық, аудандық, облыстық шеңберден ұлттық дәрежеге көтерілуі керек. Олай болмайынша, рушылық, аймақтық толғаныс ұлттық сана өсу жолына тосқауыл болары хақ. Егер біз хан дарабозы Қабанбайды тек найманның батыры емес, барша қазақтың қас батыры деп санамасақ, егер біз қанжығалы қарт Бөгенбайды тек арғынның батыры деп қарап, ұлт батыры деп есептемесек, не Қасым Аманжоловты Арқаға тіреп, Мұқағалиды Жетісумен шектесек, онда қазақ халқының өсу жолы емес, өшу жолына түскені деп бағалауымыз керек», - деген даналы сөздер айтқан еді [2, 7 б.]. Сонымен қатар Бөгенбайдың да, басқа да тұлғалардың өмірнамасын баяндау барысында, объективтілікті ұстанып, деректерге терең талдау жасаған дұрыс. Себебі, күні бүгінге дейін тұлғаларға арналған әр кезеңдерде жарық көрген

түрлі еңбектерде деректердің толық жүйеленіп, сарапталмауына байланысты көптеген қателіктер жіберіледі. Бірақ, қынжыларлық басты нәрсе ол білместіктен жіберілген қателіктер емес, ол жасанды бұрмалаушылықтардың мол кездесуі. Шыны керек, еліміз тәуелсіздікке қол жеткізіп, жаңа кезеңге аяқ басқаннан бері қазақ тарихының түрлі мәселелеріне, әсіресе жеке тұлғалардың өмірбаянына арнап қалам тартқан «зерттеушілер» жиі қиялға түсіп, түрлі жаңсақ пікірлерге жол беріп те жүр.

Сол заманның Ұлы қайраткерлерінің тұтас халықтың мүддесін ойлап, баққа, атаққа таласпай ел қорғағаны ұмыт болып, қай рудың батырының еңбегі зор, басқаларға қарағанда еңсесі биік екендігін анықтауды мақсат қойған талпыныстарды да байқауға болады. Амалсыздан ғалым-ағамыз Мұхтар Мағауиннің «Біздің өткен тарихты тану жолындағы ең үлкен дертіміз – ақтандақтар емес, қолдан жасалған бояма боз таңдақтар», - деген сөздің астында шындық жатқанын мойындауға тура келеді [1, 128 б.]. Мысалға, ХҮІІІ ғасырдың ел қорғаны болған батырларының ішінен жастары үлкен, жолдары үлкен Бөгенбай мен Қабанбай батырларды бір-біріне қарама-қарсы қойып, кімнің күш-жігері, әскерлік қабілеті, мәртебесі жоғары болды екендігін анықтаумен айналысып жүргендер бар. Айта кетерлік, шынжандық зерттеуші Зейнолла Сәнікұлы өзінің «Қабанбай – халық ұлы» деген жұмысында Құрманғали Халидтің 1910 жылы Қазан қаласында жарыққа шыққан «Тауарих Хамса» (Бес тарих) еңбегінде «Абылай заманында батыр, сардарларының ішінде қайраттысы Қабанбай болған», - деп айтқан сөздерімен қаруланып «1724 жылғы Түркістан қаласын қорғау шайқасы, 1725 жылы Алакөл шайқасы, 1728 жылғы Шұбартеңіз жағасындағы шайқасы және Балқаш көлінің оңтүстік өңіріндегі қол жеткен жеңістер, 80 күнге созылған Шора соғысы, бір жарым жылға созылған Шаған шайқасы, 1730 жылы Жоңғарларды Іле өңіріне дейін қуып келу, одан 1750 жылдардың ақырындағы Жоңғар қақпасындағы шайқасқа дейінгі аралықтағы ірі-ірі ұрыстардың бәріне дерлік Қабанбай қолбасшылық етіп, бас сардарлық міндет атқарған», - деп жазады.

Зерттеушінің тарихшы болмағандығынан шығар ұрыстардың жылдары мен болған жерлерін көбіне қате көрсетіп отырғанын былай қойсақта, тым шектен шығып кеткендігін айтпауға болмайды. Манаш Қозыбаев: «Бірақ, осындай пікірлерге (З.Сәнікұлының - З.Д.) түйін боларлық қосымша дерек керек сияқты. Біріншіден, Батыр Бөгенбай Қабанбай батырдан 11 жас үлкен; ол қазақ қолының бас сардары болып сайланғанда, Қабанбай батыр есімі елге әлі таныла қоймаған болатын. Екіншіден, Құрманғали Халиди айтқандай, әскер басы болған батырлар аз емес. Ал, 1607-1608 жылдан бастап 1750 жылға дейін бір сәт тиылмаған шайқастар әртүрлі деңгейде өтті. Қазақтың қалың қолын бастаған сардар Бөгенбай қарт бола бастаған кезде аға жүгін жеңілдетер Қабанбай шықты. Екі қолбасшы қазақ халқының бағына туған қос жұлдызы болды, олардың орны Абылайды қоршаған батырлардың ішінде ерекше еді. Сондықтан да мен өз басым Бөгенбай мен Қабанбай аталарымызды бөлмес едім, бір-біріне қарама-қарсы қоймас едім, бақталас батырлар есебінде санамас едім», - деп кезінде осы мәселе турасында әділ сын айтқан болатын [2, 69-70 бб.]. Сонымен қатар, қазақ халқының тарихында бірнеше ұлы қолбасшылар болғанының өзі халықтың ұлылығын көрсетеді. Италияндық ойшыл-философ Джованни Вика әр халықтың тарихында үш кезең – құдайлар кезеңі, геройлар–батырлар кезеңі, адамгершілік кезеңі бар дегені белгілі. Ата жаумен алысқан, жұлысқан кезең батырлар заманасы болғаны хақ. Сол тұста «дауға барсаң бірің бар, жауға барсаң бөрің бар» деп қазақ атқа қонды. Топ ішінен суырылып сөйлейтін шешендер, көпті бастар көсемдер, ту ұстар батырлар айдынды елдің айбынды азаматтарын бастады, олар «жыртылғанға жамау, шаршағанға демеу» болды, «қалың елдің ары», «жау-дұшпанның кәрі», «ауырғанға дәрі, өз елінің нәрі» болды.

Батырлар заманасында «қиядан қиқу төгілсе, аттың басын тартпаған, қисапсыз жау көрінсе, түршігіп беті қайтпаған» - деп Бұхар әулие айтқандай, батырлар легі ұлтымыздың болмысын сақтап қалды. Жаугершілік заманында «арғымақ-жалсыз, ел-малсыз» болған күнде сайып қыран батырлар әлеуметтік топ болып қалыптасты. «Құлаш бойым құласа да, тіккен туым құламасын» - деген Шыңғыс хан дәуірінен келе жатқан ата-салттың негізгі салмағын батырлар көтерді. Қазақ халқында неге батыр көп? Меніңше, оның осылай болу себептері бар. Біріншіден, көшпелі халық, оның ішінде қазақ халқы – дала перзенті. Алғашқы өмірге келген күннен бастап, ол табиғатпен әуелі бетпе-бет, ал өсе келе жекпе-жек кездесті. Сондықтан да ол ерте есейді, қажырлы, қайратты, тапқыр болуға үйренді. Қол бастаған сардарбек халық батырларының өнерінен, қабілетін жақсы білген. Болашақ батырларды халық туа білген десе болады. Мысалы, Бөгенбай батырдың ту сыртында жал сияқты біртұтас қалысы болған. Сырым батырды да халық жас кезінен таныған, даналығына ерте табынған. Хан батыры Қабанбай батырлық қасиеттермен бала кезінде көзге түскен. Амангелді қан шеңгелдің ішінде көзін ашып туған деседі. «Батыр» тек жойқын күштің белгісі емес.

Батыр – адамгершіліктің де биік шыңы. Хан алдында қайыспай, «бас кессе де, тіл кеспек жок» деген сол заманда шындықты айтқан айбынды Махамбет ақын батыр емес деп кім айтады? Не болмаса Ақтабан шұбырындыдан кейін халықтың жойылып кету қаупінен құтқарған Бөгенбай, ханның дарабоз батыры Қабанбай, бір өзі бір тайпа елдің ауыртпалығын көтерген Шақшақ Жәнібек тек қана қол бастар емес, ғасырлардың біртуар перзенттері, мемлекеттік дәрежеге көтерілген қайраткерлер. Ендеше, бұлардың мәртебесі батыр мәртебесінен жоғары болса керек. «Батыр» - батыр халықтың ұлы, «батыр» - халық перзенті. Ол қоғамның сан алуан қатынасының түйіні, адамгершілік қасиеттердің жиынтығы болса керек. Батыр елдің бірлігінің, тірлігінің дәнекері болған. Еркіндік туын ұстар дәрежеге көтерілген. Батырлардың батыры бұл дүниеден өткенде халық аза тұтып, қаралы болған. Қас батыр бір елдің, бір тайпаның мандайына сыймаған, ол осылай ел ұлына, халық ұлына айналған. Ұлт мүддесіне өмірін арнаған жандар – батырлар. Ахмет Байтұрсыновтың айтуынша «батырлар турасындағы әңгіме – халықтың жаны, рухы турасындағы әңгіме. Батырлары қандай болса, халықтың рухы жағы да сондай болған». Қазақ атамыздың сөз қалған ба? «Әкенің баласы болма, елдің баласы бол!» Ұлылық – ұлттың ұлы болу. Дана болу – дара болу». Мұхтар Әуезов айтқандай, ұлт баласы болу үшін үйелменді елінің өзегін жарған мұрат- мүддесінің жолына басын тігу. Ұлтына барша өмірін арнаған, ұлт мүддесін қара басының қамынан жоғары қойған ұлтжанды, ұлтқанды жанда өзгеше бір сүю сезімі бар. М.О. Әуезов айтқандай ол «жай сүю емес, жар сүю емес, жанынан артық көріп, жұртын сүю, халқын сүю сезімі. Бұл сүюден қасиетті сезім жоқ. Ол сана, ол сезімнің алдында барлық басқа тірлік, бөгде тілек бас иеді».

Тәуелсіз Қазақстанның ұлттық болмысындағы батырлар тұлғаларының салған сара жолдары әлемдік даңғылға қосылатынын ескерсек, ұлттың ұлысы - өркениеттің ұйтқысы, барша әлемге ортақ тұлға. Соңғы жылдары Абылай хан қазақ тарихының есігінен төріне шықты. Алаштану туы көтерілді. Абайтану тұлғаланып әлемдік аренаға шықты. Әуезовтану, Сәтбаевтану, Торайғыровтану, Мәшһүртану қалыптасты. Бұқар баба сайын даланың данасы ретінде танылды. Дала өркениетінің тарихын әлемдік тарихтың құрамды бөлігіне айналдырып таныту басталды. Біз бүгін күн тәртібіне Бөгенбайтануды қойып отырмыз. Осы тұста тарихқа түсер сауал бар: «Бөгенбай кім? Оның Отан тарихындағы орны қандай? Тұтас біреу Бөгенбайтану саласын қалыптастырудың негізі бар ма? Құлашымызды бекерге сермеп жатқан жоқпыз ба?» деген сұрақтар туындайды. Бөгенбай батыр, баһадүр, әскер басы, мәмлегер-саясаткер – оның өмір жолы қазақ тарихымен сабақтас. XVIII ғасырдың алғашқы он жылдығы қазақ халқының өміріндегі жауынгерлік заманы болды. Дәл осы кезеңде Бөгенбайдың батырлық-ерлік жолы басталады. Жан – жақтан анталаған жаумен болған кескілескен шайқастарда Бөгенбай батыр соғыс өнерін жетік меңгеріп, әбден машықтанады. Сонымен қатар, Әлдеуін атасының, әкесі Ақша батырдың жолын қуған Бөгенбайдың, әскер басылық дарыны да ашылып, өзінің замандастарынан ерекшелене түседі. Академик Манаш Қозыбаевтың пікірінше Бөгенбай 28 жасында Түке ханның бас сардарына айналады. Бөгенбай бас сардарлық лауазымды, қазақ әскерінің жорық туын өзінің ұстазы, әрі батыр, әрі жырау керей Қожаберген Толыбайұлының қолынан алған. XVIII ғасырдың бірінші ширегінде, көп жаудың ішінен, қазақ үшін ең қауіптісіне айналған Жоңғар мемлекеті еді. 1710 жылы Қарақұмда қазақтың үш жүзінің өкілдерінің қатысуымен үлкен жиын өтеді. Басты сұрақ жоңғар шапқыншылықтарына қарсы қарымта іс-әрекеттерді ұйымдастыру.

Сол кезде өзінің ерлігімен елге танылып үлгерген Бөгенбай, халықты жауға қарсы тойтарыс беруді ұйымдастыруға көндірді. Осыдан кейін біріккен қазақ әскерлері Бөгенбай батырдың басшылығымен жоңғарларға қарсы ойдағыдай қарсылық ұйымдастырып, бірнеше рет оларға ауыр соққы берді. Осы уақыттан бастап жаңа дәуірдегі қазақ тарихындағы батырлардың, жалпы батырлар институтының маңызды рөлі анықталды. Тарихта «Аңырақай» шайқасы деген атпен белгілі 1729 (1930) жылдары болған қазақтар мен жоңғарлар арасында болған ұрыста қазақтар жоңғар әскерін ойсырата жеңеді. Қазақтар мен қалмақтар арасында бұл ұрыс бірнеше күнге созылып, әр қанды шайқас батырлардың жекпе-жегімен басталып отырған. Тарихшы – ғалым Жанұзақ Қасымбаевтың мәліметтері бойынша: «Алғашқы дара сайысты бастаған жаужүректілігімен, алып күшімен белгілі Қанжығалы Бөгенбай қалмақтың басты батырын өлтірген». Бұл шайқас туралы академик Манаш Қозыбаев: «Аңырақай даласы қазақ-қалмақ шайқасында қазақ қосынына географиялық факторды барынша пайдалануға мүмкіндік берді. Бұл Әбілқайыр ханның, Қанжығалы Бөгенбайдың ұлы қолбасшылар екендігін көрсетеді», - деп жазды [2, 126.]. XVIII ғасырдың 30-шы жылдарының басындағы соғыстарда Бөгенбай Әбілмәмбет ханның бас сардары болып Қабанбай батырмен қоса Орта жүздің қолын басқарады. Сарыарқаны қалайда жау қолына бермеуді мақсат қойған қазақ жауынгерлері қалмақпен аяусыз айқасады. Жоңғарлармен болған XVIII ғасырдың 40-50-ші жылдарындағы шайқастарда Бөгенбай батыр қазақ әскерлерінің бас кеңесшісі

дәрежесінде қатысады. Ал, 50-ші жылдардың ортасында, жаңа қарсылас - шүршіт шыққанда, Абылай тәжірибелі қарт батырды арнайы шақырып, Орта жүз әскеріне тағы да бас етіп қояды.

Бөгенбай батырдың өмірлік жолы XVIII ғасырдың ірі саяси қайраткері Абылай хан тағдырымен тығыз байланысты. Абылай хан батырды ерекше бағалап, қадірлеген. Әрине ханның құрметіне бөленуіне бірінші себеп болған батырдың беделі, халыққа сіңірген еңбегі болса, екіншіден Бөгенбай ханның жақын серігі, ақылшысы болған, тіпті Абылайдың Абылай болуына тікелей үлес қосқандығы. Абылай Бөгенбай батырдың ақылгөйлiгiн ерекше бағалаған. Бөгенбай өз заманының найза сілтеп, қылыш жұмсаған батыры ғана емес, сонымен қатар терең ойлы, зор ақыл иесі болған адам. Көрші мемлекеттермен жүргізілген дипломатиялық қарым-қатынастарға белсенді қатысқан өз заманының ірі саяси қайраткері. Негізінен бұл саладағы қанжығалы қарт Бөгенбайдың іс-әрекеттері Абылай ханның атымен тығыз байланысты. Абылай ханның билігі тұсында Бөгенбай әрқашанда қасында болып ханның бас кеңесшілерінің біріне айналған. Бөгенбай батыр Абылай ханның кеңесшісі болып қана қоймай, оның жеке маңызды тапсырмаларын да орындап отырған. Мәселен, қырғыздармен бір араздасып, шекісіп қалғанда Абылай дауды шешіп, бітім жасауға Бөгенбайды жіберген. Қарт батыр әсіресе Қытай мемлекетімен алғашқы дипломатиялық қарым-қатынастар орнатуда зор үлес қосқан. Өмірінің екінші белесінде мемлекеттік, дипломатиялық іс-әрекеттерге кеңінен араласқан батыр, тынысы тоқтағанға дейін ел мүддесіне қызмет атқарған. Бөгенбайдың басқаруымен болған сырт жауларымен шайқастарда, жасақ құрамында болған бірталай батырлар әскери өнерге машықтанып, қарт батырдан тәлім-тәрбие алған. Кейін осы жас қырандар болаттай қайралып, тастай қатайып қазақ әскерінің ең азулы батырларына айналады. Ендеше батырлықтың шыңы болған XVIII ғасыр тарихи құбылыстың басы-қасында Бөгенбай батыр тұр. Батырлықтың жаңғыруы Бөгенбай батыр есімімен тығыз байланысты. Бөгенбай батыр бейнесі келер ұрпаққа мына біздерге ерліктің бейнесі іспеттес мәңгілік тарихи мұра болып қалмақ. Қазақ халқы қай қиын-қыстау кезеңде болмасын ата даңқын қастерлеп жоғары көтерді, өзінің қаһарман, батыр, адал халық екенін барша әлемге паш етті. Қасым ақын «Күркіреп күндер өтті соғыс» деп айтқандай, ауыр күнде халық өзінің генофондын сақтады, жаңа Бауыржандар, Мәліктер, Мәншүктер, Әлиялар ұрпағы келді. Халық өзінің жаңа болашағына, шуақты тәуелсіз күндеріне осылай шындала түсті. Ата жолын құған еліміздің ұл-қыздары ерлік дәстүрін жаңа заманда жалғады, ұлттық, отандық патриотизмнің үлгілерін көрсетті. Бүгінгі тәуелсіз елде осы әкелеріміздің, ағаларымыздың, шешелеріміздің, апаларымыздың ұлы ерлігін жалғап, тәуелсіз елдің көгілдір туын жоғары көтерер ұрпақ өсіру бүгінгі күннің күдіретті талабы болмақ!

260 жылға созылған бодандық пен жалған ұраншылдық қазақ халқының бірлігіне орасан зор нұқсан келтірді. Бірліктің Ұлы күш екенін халқымыз қапысыз ұққан. Бірлік жоқ жерде тірлік жоқ дегендей. Сөздің атасы – шындық, анасы – бірлік деген ұлағатты сөзді Қаздауысты Қазыбек би айтқан екен, дейді даланың ауызша тарихнамасы. «Бірінді қазақ, бірін дос, көрмесең – істің бәрі бос» - деп ұлы Абай жырлаған. Қазақтың, барша қазақстандықтардың бірлігі тап қазір ерекше мағынаға ие болып тұр. Президентіміз Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауында жан-жақты дәйектелген экономикалық әлеуметтік және саяси жедел жаңару міндеттері, Қазақстанның әлемдегі бәсекеге барынша қабілетті 30 елдің қатарына кіру стратегиясы ынтымақ – бірлік барда ғана жүзеге асады. Түйіндей айтқанда, қазақтың кең даласын сонау аласапыран заманында «найзаның ұшымен, ақ білектің күшімен» қорғаған батырлар тұлғасы еліміздің болашақ ұрпағына үлгі-өнеге болары сөзсіз. Ұлы бабаларының іс әрекеттерінің алдында бас иген ұрпақтары сол қилы заман оқиғаларына түрлі тарихи жырлар, ұзақ толғаулар арнап, ұрпақтан - ұрпаққа жеткізіп ел есінде мәңгілікке сақтап қалды. Біздің парызымыз, сол деректерді ғылыми сараптаудан өткізе отырып, шынайы қазақ тарихын жазу.

Әдебиеттер тізімі:

1. Назарбаев Н. Қазақстан жолы. Астана, 2007. 375 б.
2. Бес ғасыр жырлайды: екі томдық (Құрастырған: М.Мағауин, М.Байділдаев). - Алматы, 1989 жыл – Т.1, 112 б.
3. Қозыбаев М.Қ. Жауды шаптым ту байлап. - Алматы: Қазақстан, 1994 жыл – 69-70 бб.
4. Халид К. Тауарих хамса (Бес тарих). – Алматы, 1992. – 105-106 бб.
5. Жәніс Ә.Т. Бөгенбай батыр. – Павлодар, 2006 жыл, 242 б.